
КӘСІПОРЫН ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

жеке кәсіпорын (жарғылық капиталындағы 22,08% үлесі Шымкент қаласының әкімдігі тиесілі) болып табылатын су шаруашылығы ұйымы. Кәсіпорын Шымкент қаласын және Сайрам ауданының бірқатар елді мекендерін, жалпы саны шамамен 1,25 млн тұрғынды сумен қамтамасыз етіп, ағын суларды толық тазарту арқылы су бұру қызметтерін көрсетеді. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жағдайында кәсіпорын нарықта 28 жылдан астам уақыт табысты жұмыс істеп келеді.

Кәсіпорын жыл бойы Шымкент қаласының су құбыры және кәріз жүйелерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етті. Барлық қызметтер бекітілген интеграцияланған менеджмент жүйесінің процестеріне сәйкес жұмыс істеді. Бақылауды жүйелеу мақсатында қысқы және жазғы кезеңдерге дайындық бойынша жұмыс жоспарлары мен кестелері әзірленді. Жоспарланған жұмыстардың орындалуы мерзімі мен сапасы бойынша тұрақты түрде қадағаланды.

2010 жыл Шымкент қаласының әкімдігімен тұтынушыларды сумен жабдықтау және су бұру қызметтерімен халықаралық стандарттарға сәйкес қамтамасыз ету жөнінде сервистік келісімшарт жасалды.

Компания Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары қағидаттарына сәйкес жұмыс істейді.

Кәсіпорын рентабельді болып табылады. Сумен жабдықтау және су бұру қызметтері есебінен жыл сайын есептелетін салық мөлшері жылдық табыстың шамамен 15,8%-ын құрайды. Құрылған сәттен бастап 2025 жылға дейін барлық салық түрлері бойынша 21,3 млрд теңге есептелді.

«Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС-де менеджменттің үш жүйесі бойынша кезекті инспекциялық аудит сәтті өтті: сапа менеджменті (ISO 9001:2015), экологиялық менеджмент (ISO 14001:2015), еңбекті қорғау және кәсіби қауіпсіздік менеджменті (ISO 45001:2018).

Сынақ зертханасы Шымкент қаласының Тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментімен келісілген кестеге сәйкес жыл ішінде әлемдік өндірушілердің жабдықтарында 32 261 ауыз су талдауын жүргізді. Нәтижесінде ауыз су сапасы «Шаруашылық-ауыз су және мәдени-тұрмыстық су пайдалану қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» ҚР ДСМ-138 бұйрығы және Санитариялық қағидалар №26 талаптарына сәйкес келеді. Сонымен қатар, үшінші тарап ұйымдарының өтінімдері бойынша 5 109 талдау жүргізілді.

Тұтынушыларды сапалы ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз ету, сондай-ақ ағын суларды бұру және тазарту мақсатында 64,4 млрд теңге көлеміндегі негізгі құралдар пайдаланылды.

Су беру және ағын суларды бұру қызметтерін көрсету барысында техникалық жарамды күйде келесі негізгі құралдар үздіксіз жұмыс істеді:

- Су алу құрылыстары – жалпы өнімділігі тәулігіне 381 мың м³;
- Су құбырлары мен желілері – 1929,6 км;
- Су есептеу құралдары паркі – 5 мыңнан астам (қашықтан дерек беру жүйесімен жабдықталған);
- Электр жабдықтарына қызмет көрсететін цех (56 қосалқы станция, 6–10 кВт қуаттағы 6,5 км желі);
- Автокөлік және арнайы техника паркі – 86 бірлік;
- Кәріз желілері мен коллекторлар – 463,1 км;
- Кәріз сорғы станциялары – 2 нысан;
- Қалалық тазарту құрылыстары – өнімділігі тәулігіне 200 мың м³.
- Биогаз негізінде жылына 3,5 млн кВт/сағ электр энергиясын өндіретін тұнбаны өңдеу және электр энергиясын өндіру цехы;
- Су жабдықтау және су бұру жүйелеріне техникалық қызмет көрсететін аудандық учаскелер – 14 учаске.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кәсіпорын 273 347 халық абонентіне, 432 мемлекеттік ұйымға және 9 000 кәсіпкерге қызмет көрсетеді.

2009–2022 жылдар аралығында Еуропалық қайта құру және даму банкімен жалпы сомасы 18,7 млрд теңгеге 6 келісімшарт жасалып, жылдық 4,5% сыйақы мөлшерлемесімен 13 жыл мерзімге толық игерілді.

Нәтижесінде орындалған жұмыстар:

к/с	Жұмыстың атауы	Барлығы	Оның ішінде меншікті қаражат шоты	Оның ішінде ЕҚДБ-нің шоты
1	Сумен жабдықтау желілерін қайта құру (км)	1154,6	818,6	336
2	Кәріз желілерін қайта құру (км)	126,4	78,3	50,1
3	Биогаз өндіретін және электр энергиясын өндіретін шламды өңдеу кешенін салу	4,5 млн.кВт/жыл		4,5 млн.кВт/жыл
4	Автоматтандырылған басқарылатын кәріздік тазарту құрылыстарының қуаттылығын тәулігіне 100 мың м ³ -ден 200 мың м ³ /тәу-ге дейін кеңейту (объект)	200 мың м ³ /тәул.		200 мың м ³ /тәул.
5	Арнайы машиналар мен жабдықтарды (бірліктер) сатып алу	212	182	30
6	Жалпы көше, бас, тоқсандық суды есепке алу қондырғыларын, қашықтан оқу технологиясымен шығын өлшегіштерді (блоктарды) қайта құру және жаңғырту	16648	13737	2911
7	Автоматтандырылған жүйемен басқарылатын сорғы-энергетикалық жабдықты орнату (бірліктер)	197	195	2
8	MAN газ генераторы іске қосылды	4млн.КВт/год		4млн.КВт/год

Салынған инвестициялардың нәтижелері:

- тұтынушыларды сумен үздіксіз қамтамасыз ету;
- нормативтік-техникалық шығындарды 38,1%-дан 16,93%-ға дейін төмендету;
- электр энергиясының меншікті шығынын 0,87-ден 0,06 кВт/м³ дейін азайту;
- су құбырларының тозу деңгейін 68,0%-дан 54,9%-ға дейін, ал кәріз жүйесін 79,4%-дан 71,25%-ға дейін төмендету;
- су құбырлары желілеріндегі апаттылықты 0,66 жағдай/1 км-ден 0,23 жағдай/1 км-ге дейін азайту;
- кәріз желілеріндегі бітелулерді 6,0 жағдай/1 км-ден 2,1 жағдай/1 км-ге дейін төмендету;
- тазарту құрылыстарын жаңғырту және экологиялық талаптарды сақтау;
- жылына 4,5 млн кВт/сағ «жасыл энергия» өндіретін биогаз өңдеу станциясын орнату және атмосфераға көмірқышқыл газы (СО₂) шығарындыларын жанама түрде жылына 3,7 мың тоннаға дейін азайту.